7	Тұмаудың алдын-алу бойынша ата-аналарға кеңестер беру: «Таза қолдар-сенің қорғаның!» 1. Ойын қызметін ұсыну: Сюжеттік-рөлдік ойындар: «Аурухана», «Дәріхана», «Отбасы», «Дүкен», «Балабақша» және т. б.	Балалардың денсаулығын нығайту бойынша жұмыстарды жоспар бойынша жүргізу	медбике, меңгеруші, әдіскер, топ тәрбиешілері	Жыл бойы		Әлеуметтік желіге жариялым
8	Профилактикалық жұмыс: Жылжымалы-папка: - «Салауат дәрігердің кеңесі»; - Балалар суреттерінің көрмесі; - «Ата-аналар үшін денсаулық журналы»	Профилактикалық жұмыстар бойынша кеңестер беру	Тәрбиешілер Педагог-психолог Медбике	Қаңтар	Жылжымалы папка	
9	Балаларда және олардың ата-аналарында СӨС–н қалыптастыру сұрақтары бойынша ата-аналар жиналысында сауалнамалар жүргізу	Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша ата-аналар пікірін білу	Медбике, Тәрбиешілер	Ақпан	Сауалнама	

4. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.

Мақсаты: балабақша мен отбасы ынтымастығы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үрдісін мемлекеттік білім беру стандарт талабына сай жүзеге асыру, ата-аналармен қоғамдастық жұмысын жетілдіру, рухани – адамгершілік құндылықтарды насихаттау

№	Жұмыс түрі	Мерзімі	Жауапты	Орындалу түрі	Эвалюция
4.1. Ата-аналар жиналыстары, семинарлар, тренингтер, практикумдар, дөңгелек үстелдер, консультациялар					
1	Баланың шығармашылық қабілеттерін үйде дамыту	Қыркүйек айы	Тәрбиешілер	Кеңес	Әлеуметтік желіге жариялым
2	«Заттық-дамытушы орталықтарды толықтырудың ерекшеліктері»	Қазан айы	Әдіскер, тәрбиешілер	Кеңес	Әлеуметтік желіге жариялы
3	«Балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз»	Желтоқсан	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер	Ата-аналар жиналысы	Әлеуметтік желіге жариялы
4	«Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі негіздерін қалыптастыру»	Мамыр	Меңгеруші, Әдіскер, тәрбиешілер	Ата-аналар жиналысы	Әлеуметтік желіге жариялы
4.2. Балалардың, ата-аналар мен педагогтердің бірлескен шығармашылығы (конкурстар, акциялар, мерекелер және ойын-сауық)					
1	Өнерлі отбасы	Қаңтар айы	Тәрбиешілер, ата аналар	Байқау	Әлеуметтік желіге жариялы
2	Толағай	Әр тоқсанда 1 рет		Эстафеталық сайыс	Әлеуметтік желіге жариялы
3	«Ел қорғауға дайынбыз!!!» «Бейбітшілік жасасын!» мерекелік ертеңгіліктер	Мамыр	Әдіскер, тәрбиешілер	Театырландырыл ған музыкалық қойылым	Әлеуметтік желіге жариялы
4.3. ата-аналарды ақпараттық стендтерде, балабақшаның ресми сайтында түрлі мәселелер бойынша хабардар ету.					
1	«Салауатты өмір салтының алдын алу шаралары»	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер	Жадынама	Әлеуметтік желіге жариялы
2	Ата-аналардан жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар	Қаңтар	Тәрбиешілер	Жадынама	Әлеуметтік желіге жариялы
3	«Баланың мектепке дайындығын анықтау»	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, мад тобының тәрбиешілері	Жадынама	Әлеуметтік желіге жариялы

24

6. МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ КЕЗЕҢІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I КЕЗЕҢ: ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ			
<i>Жазғы сауықтыру кезеңіне жасадай жасау</i>			
1	Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
2	Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару(МДҰ бұйрығы): - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
3	Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жарақатының алдын алу; - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдыналу; - жұмыс орнында еңбекке техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн тию және ыстық өтукезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; -МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; -бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері сақтау туралы; -спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр Маусым	Меңгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық, жәнетөтеніс жасадайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
4	Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру; - табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында, аулада жүру ережесі.	Мамыр Маусым	Әдіскер, тәрбиешілер
5	Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру	Мамыр	Әдіскер
II КЕЗЕҢ. ӘКІМШІЛІК-БАСҚАРУБАҚЫЛАУ			
1	Әкімшілік– шаруашылық жұмыстар 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойыналандырып дайындау;	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі

	- жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: -кұрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру.		
2	Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жазбойы	Әдіскер
3	Күні тәртібінің орындалуын бақылау	Жазбойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
4	Назарға алынған бақылау: -перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); -күн тәртібін сақтау; -жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; -жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым-Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
5	Жедел бақылау: -балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; -тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; -күн режимі; -белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; -құжаттарды жүргізу; -алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; -қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.	Маусым - Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
ІІІ КЕЗЕҢ. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ			
1	- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; -«шынықтыру жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; -педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; -серуенде спорттық ойындарды жоспарлаумен ұйымдастыру әдістерін көрсету; Балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); -эргономикалық шешімдер қабылдау; - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру.	Маусым-Шілде	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері
2	Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». 2. Семинар -практикум: 1.«Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері». 2.«Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары».	Жазбойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы

3	Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - <i>буклеттер;</i> - <i>инфографикалық ақпараттық парақшалар;</i> - <i>кітапшалар;</i> - <i>электрондық ақпарат көздеріне сілтеме.</i> 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - « <i>Ішек жұлқынысы</i> »; - « <i>Кене энцефалиті</i> »; - « <i>Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау</i> »; - « <i>Көкөністер, жемістер. Дәрумендер</i> ».	Жазбойы	Әдіскер, медицина қызметкері
4	Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек, кеңес беру	Жазбойы	Әдіскер
Балалармен жұмыс			
5	«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: -психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; -өз-өзіне қызмет етудегі өзін, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; -денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; -бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (<i>модель 34 т.</i>); -балалардың пікірін, идеяларын ескеру (<i>модель 36 т.</i>); -бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асу (<i>модель 26 т.</i>); -педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күндізгі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (<i>модель 24 т.</i>); -әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (<i>модель 27 т.</i>).	Жазбойы	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
Денешынықтыру-сауықтыру жұмыстары			
6	Балалар денсаулығы мониторингі	Мамыр	Тәрбиешілер
7	Білім берусалаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жазбойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
8	Жаттығулар: -таза ауадағы дене шынықтыру; -ертеңгілік жаттығулар; -ұйқыдан ояту жаттығулары; -сергіту сәттері.	Жазбойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
9	Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	жоспар бойынша	Медициналық қызметкер
10	1. Спорттық ойын, жарыстар: - спорттық ойындар;	Жазбойы	МДҰ меңгерушісі, дене шынықтыру нұсқаушысы,

	- спортжарыстары; - эстафеталар. 2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. 3. Спорт мерекелері. 4. Мерекелермен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (мүмкіндігінше таза ауада).		музыка жетекшісі, тәрбиешілер
11	Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: -дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдары мен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату; -ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.	Жазбойы	Тәрбиешілер
12	Арнайы жаттығулар: -түзету жаттығулары; -майтабандылықтың алдын алу; -дене сымбатының бұзылуының алдын алу; -артикуляциялық жаттығулар; -тыныс алу жаттығулары; -ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Жазбойы	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
13	Балалармен әңгімелесу: -«Денсаулық сағаты».	Жазбойы	Медициналық қызметкер
14	Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Жазбойы	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
15	Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Жазбойы	Медицина қызметкері, бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс			
16	-ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; -жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау			
17	Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
18	Жазғы сауықтыру шараларының аяғында ата-аналармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
19	Денсаулық мониторингі	Тамыз	Тәрбиеші, медицина қызметкері
20	Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	МДҰ меңгерушісі, әдіскер

7. БАҚЫЛАУ: БАҚЫЛАУ ТҮРЛЕРІ МЕН МАЗМҰНЫ

31

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Топ аттары	Орындалу түрі
1	Педагогтердің міндетті құжаттарын қарау - Перспективалық жоспар - Циклограмма - Мониторинг - Баланың даму картасы	Үнемі	педагогтер	Зерделеу
2	Балардың сауықтыру іс –шаралары ▪ балалар тамақтануын ұйымдастыру ▪ ұйқыны ұйымдастыру ▪ мәдени –гигиеналық дағдылар өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары (<i>өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату.</i>) ▪ шынықтыру шаралары ▪ ертеңгілік жаттығу	Үнемі	Барлық топ	Жедел бақылау
3	Балалардың дербес әрекеті - баяу қимылды; - үстел үсті ойындары; - бейнелеу іс-әрекеті; - кітаптарды қарау	Үнемі	Барлық топ	Жедел бақылау
4	Физикалық қасиеттерді дамыту • Дене шынықтыру • Спорттық ойындар • Қимылды ойындар • Дербес қимыл белсенділігі • Салауатты өмір салтын қалыптастыру • Сауықтыру шынықтыру шаралары	Үнемі	Барлық топ	Салыстырмалы бақылау
5	Коммуникативтік дағдыларды дамыту • Сөйлеуді дамыту • Көркем әдебиет • Қазақ тілі • Сауат ашу негіздері	Үнемі	Барлық топ	Тақырыпты бақылау
6	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту • Сенсорика • Математика негіздері	Үнемі	Барлық топ	Межелі бақылау
7	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту • Сурет салу • Мүсіндеу • Жапсыру • Құрастыру	Үнемі	Барлық топ	Кешенді бақылау

	Музыка			
8	Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру - Қоршаған ортамен таныстыру	Үнемі	Барлық топ	Арнайы бақылау
9	Заттық дамытушы ортаның жағдайы - Қолжетімді - Қауіпсіз - Мазмұнды - Әртүрлі - Өзгермелі - Қызығушылық аймақтарына бөлінуі - Мол, көпәтқарымды	Үнемі	Барлық топ	Арнайы бақылау
10	Серуен кезі - Ауа райы құбылыстары - Табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу танымдық және зерттеу қызметі) - Әңгімелесу - Спорттық қозғалмалы және ұлттық ойындар - Еңбек қызметі	Үнемі	Барлық топ	Жедел бақылау
11	Балалармен жеке жұмыстар	Үнемі	Барлық топ	Жедел бақылау
12	Тәрбие жұмыстары тәрбиеленушілердің қатысуымен - әлеуметтік - адамгершілік, - тұлғалық, - эстетикалық, - экологиялық бойынша іс-шаралар барысы	Үнемі	Барлық топ	Арнайы бақылау
13	Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Үнемі	Педагогтер	Жедел бақылау
14	- Тазалық жағдайы - Желдету тәртібінің орындалуы	Үнемі	Қызметкерлер	Жедел бақылау
15	- Қызметкерлердің жұмыс күніне дайындығы - Ішкі еңбек тәртібінің орындалуы	Үнемі	Қызметкерлер	Арнайы бақылау
16	Күні бойғы әрекет барысы	Үнемі	Ересек, мектепалды	Жан-жақты тексеру
	Өзін-өзі бағалау арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын қамтамасыз ету - Өзін-өзі бағалау - Талдау - Шешім - Жоспар - Әрекет - Мониторинг - Даму	Жыл соңы	Менгеруші	Арнайы бақылау

8. ӘКІМШІЛІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

(материалдық-техникалық және қаржылық базасын нығайту бойынша барлық жұмыстар жоспарланады: - жөндеу жұмыстары, дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны жарақтандыру және толықтыру)

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Орындаушы	Ескерту
1	Материалды жауапты қызметкерлердің жұмысын, топтардағы мүліктердің бүтіндігін бақылау	Үнемі	Меңгеруші	
2	Азық түліктердің сапасын бақылау	Үнемі	Медбике	
3	Азық түліктердің сертификаттарының болуын қадағалау	Үнемі	Медбике	
4	Нұсқаулық: техника және өрт қауіпсіздігі	Үнемі	Шаруашылық меңгерушісі	
5	Балабқша аумағын көгалдандыру, сенбіліктер ұйымдастыру	Қажеттілігіне қарай	Шаруашылық меңгерушісі	
6	Балабақшаны жабдықтау және безендіру жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Меңгеруші	
7	Балабқшаның көгалдандырылған гүлзардың ойын алаңдары, құм жәшігінің жағдайын қадағалау	Қажеттілігіне қарай	Шаруашылық меңгерушісі	
8	Қыс мезгіліне дайындық жылу жүйелерін бақылау	Қажеттілігіне қарай	Шаруашылық меңгерушісі	
9	Заттық кеңісті ортаны жабдықтау және толықтыру	Қажеттілігіне қарай	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі	



«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын - орталық»
жеке мекемесінің меңгерушісі
Агабекова Э. Қ.

Баяндама

Орындаған: Шекербекова А. Е.

Шымкент 2023

«Ұйқыдан кейінгі жаттығуларды жүргізудің әдістемесі»

Денсаулық – ағзаның жаратылыс жағдайы, адамның денсаулығын биологиялық (іштен туа біткен және жүре пайда болған сырқат белгілеріне қарап) және әлеуметтік факторларды ескере отырып, кешенді түрде анықтайды. Денсаулықты жеке адамның денсаулығы және жалпы халықтың денсаулығы деп бөледі.

Баланың денсаулығын, яғни оның организмнің клиникалық, физиологиялық және биохимиялық көрсеткіштерінің жиынтығын адамның жынысына, жасына, сондай-ақ климаттық және географиялық жағдайларына байланыстыра отырып анықтайды.

Күн тәртібіндегі денсаулық сақтау жағынан маңызды бір шара – ұйқыдан кейінгі шынықтыру кезеңі болып табылады. Баланың денсаулығын нығайту үшін, оның жас ерекшелігінің физиологиялық даму кезеңдерін және оның денсаулығын жақсарту мен қуаттайтын қажетті шараларды анық білу қажет.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың негізгі мақсаты – баланың көңіл-күйін және бұлшықет тонусын қарама-қарсы ауа ванналары және физикалық жаттығулар көмегімен көтеру.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы міндеттері:

- Балалардың сымбатын сақтауға мүмкіндік жасайтын, табаны мен омыртқа қисаюын түзейтін өмірге қажетті қимыл дағдылары мен біліктілігін қалыптастыру.
- Үйлесімді, пропорционалды дене дамуына жағдай жасап, әдемі сымбатылық, кербезділікті қалыптастыру.
- Баланың қимыл қабілетін, ырғақтылығын, ұстамдылығын, саналалаған дұрыс сымбатын сақтау арқылы дамыту.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулар мына бөлімдерден тұрады:

1. Төсектегі жаттығулар немесе өз-өзіне массаж
2. Сымбаттың және жалпақтабандылықтың бұзылуының алдын-алушы жаттығулар
3. Тыныс алу жаттығулары
4. Жеке тапсырмалар
5. Су процедуралары

Балалар ұйықтап жатқанда педагог «салқын» бөлме дайындайды. Ол бөлме ойын бөлмесі болса да болады. Бөлменің температурасы желдетудің

көмегімен ұйықтаған бөлменің температурасынан 3-5 С°ға төмендетіледі. Ояту жай, байсалды музыканың дауысының біртіндеп үдеуінің көмегімен жүргізіледі.

Жаттығу төсекте ұйқыдан сергітуге ауысу арқылы бағытталады. Педагог алдымен оянған балалармен бастайды, соңынан оянған балалар акырындап қосыла береді. Төсектегі жаттығу созылудан, яғни аяқ-қолды кезек көтеріп, бастан-аяққа дейінгі жаттығу кешендерінен тұрады. Негізгі ереже – жылдам қимылдарды бұлшықеттің созылуына алып келетін, шектен тыс қоздыратын, яғни басы айнаруды болдырмау. Төсектегі жаттығудың ұзақтығы 2-3 минут көлемінде болады.

Одан кейін балалар «салқын» бөлмеге ауысады.

«Салқын» бөлмеде балалар **түзету жаттығуларын** орындайды: аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, тізені жоғары көтеріп жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру, өкшеден аяқтың ұшына аударылу, «Денсаулық» түзету кілемшелерімен жүру.

Балалардың жаттығуды дұрыс орындауын ғана емес, орындау барысындағы сымбатын қатаң қадағалау керек.

Одан кейін балалар сымбаттың бұзылуының алдын-алуға арналған жаттығулар орындайды. Балалардың жаттығуға қызығушылығын арттыру үшін әртүрлі текшелер, гимнастикалық таяқшалар, доптар, сылдырмақтар және т.б. құралдар пайдалануға болады. Бұл жаттығудың ұзақтығы 2-3 минуттан тұрады.

Одан кейін **тыныс алу жаттығулары** орындалады. Тыныс алу жаттығулары жүрек соғуын реттеуге, қозуды түсіруге, иммунитетті жоғарлатуға, тыныс алу жолдарының ауруларының алдын-алуға өте қажет. «Паравоз» тыныс алу жаттығуын орындау; қолдар шынтаққа бүгіліп, ойын бөлмесінде бүгілген қолмен қимыл жасай отырып, дыбыстау: ЧУХ-ЧУХ-ЧУХ... Мөлшерін жай асыра отырып 30 секундтан 2-3 минут жасау.

Кейін балалармен **жеке жұмыс** жүргізіледі. Педагог оны дербес әрекет ретінде ұйымдастырады. Мысалы: балаларға емен жаңғағы немесе ұсак тастарды оң және сол аяғымен жинауды ұсынады.

Жаттығу су процедураларымен аяқталады (жуыну, шайыну).

Осылайша, аталған қимыл белсенділік түрі балалардың белсенді жағдайға кіруге, қалыпты эмоцияға енуге, бұлшықет тонустарын нығайтуға көмектеседі. Жыл бойына жаттығулардың әр түрлі варианттары қолданылады.

Ұйқыдан кейінгі жаттығулардың жалпы ұзақтығы кіші топтарда 7-10 минут, ересек топтарда -10-15 минутты құрайды.



«Бекітемін»

«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын - орталық»
жеке мекемесінің меңгерушісі
Ағабекова Э. Қ.

Баяндама

Орындаған: Онжігітова А. Б.

Шымкент 2023

Мектеп жасына дейінгі балалардың физикалық дамуы

Денсаулықсыз,
және бакыт мүмкін емес.
Белинский В.Г.

Қазіргі әлемде адам үшін, жалпы қоғам үшін денсаулықтан асқан құндылық жоқ. Нәтижесінде дене шынықтыру мен спорттың маңызы артып, оны күнделікті өмірге енгізу жүзеге асады. Дене шынықтыру сабақтары адамды өмірге дайындайды, оның дамуына, жеке, дене және адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан баланың мектепке дейінгі жастан бастап дамуына назар аудару өте маңызды.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде) баланың физикалық дамуына көңіл бөлінеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі дегеніміз - мұғалімнің басшылығымен күнделікті танертеңгілік жаттығулар, дене шынықтыру, ашық ойындар мен жабық және ашық ойын-сауықтарды қоса алғанда, күндізгі оқу-сауықтыру іс-шараларының жүйесі.

Сондай-ақ, өз бетімен әрекет ету кезінде бала моториканы және дағдыларды меңгеретіндігін, ең бастысы, жүрістің, жүгірудің, лақтырудың, өрмелеудің, секірудің және тепе-теңдіктің маңызды түрлерін меңгеретінін ұмытпаңыз.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене даму бағдарламасының талаптарына сәйкес дене тәрбиесі сабақтарын өткізу тәртібі мен уақыты белгіленеді:

- кіші топ (3-4 жас) - 10 минут;
- орта топ (4-5 жас) - 15 минут;
- үлкен топ (5-6 жас) - 25 минут;

Сабақтарға тек физикалық жаттығулар ғана емес, сонымен қатар ашық ойындар да кіреді.

Өзіндік жұмыс келесі құрылымнан тұрады:

- кіріспе бөлімі
- негізгі бөлім (жалпы дамытатын жаттығулар, қимылдардың негізгі түрлері, далада ойнау);
- қорытынды бөлім;

Жаз - балалардың денсаулығын нығайтуға және сақтауға, дененің толық дамуына жағдай жасайтын жақсы уақыт. Мұғалімдердің жазғы жұмысының басты максаты - оқушылардың сауықтыру жұмыстарына тиімді жағдай жасау. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жазғы кезенді ескере отырып, күн тәртібі жасалуда:

- таңертеңгілік кабылдау және ашық гимнастика;
- жүру;
- шыңдау қызметі;
- ұйқының ұзаруы;
- тағамның витаминизациясы және калориялығы;
- дене шынықтыру;
- ішу режимін сақтау;

Ата-аналар өздерінің жеке мысалдары кез-келген дәлелден гөрі сенімді екенін және баланың бойында спортқа деген сүйіспеншіліктің ең жақсы тәсілі - онымен ойнау екенін ұмытпауы керек. Кейбір ата-аналардың дене тәрбиесі жеткіліксіз, соған карамастан олар спортпен айналысу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы керек, баланың белсенді қозғалуына түрткі болатын барлық ойыншықтарды сатып алу керек.

Жылы мезгілде балалардың дене тәрбиесімен таза ауамен айналысу ұсынылады. Баланы қатайтуға көп көңіл бөліңіз. Күн, ауа және су балалық шақтағы иммунитеттің ең жақсы достары және қатаюдың ең қолжетімді әдістері деп саналады. Баланы жазда қатайтудың және оларды қолданудың белгілі әдістерін біле отырып, сіз суық мезгілде мектепке дейінгі жастағы баланы дайындауға болады.

Қазіргі қоғам дене бітімі дамыған, дені сау, көңілді өсіп келе жатқан жас ұрпаққа қызығушылық танытады. Сонымен, дене шынықтыру дегеніміз - бұл дене дамуының мәселелерін шешумен ғана шектеліп қоймай, сонымен қатар қоғамның адамгершілік, тәрбие, этика саласындағы басқа да әлеуметтік функцияларын орындайтын күрделі әлеуметтік құбылыс. Демек, бұл тақырыптың өзектілігі күмән тудырмайды. Жаттығу баланың денсаулығына пайдалы және күні бойы энергияны көтермейді.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын-орталық» жеке мекемесі



Баяндама

Тақырыбы: «Инновациялық әдістер мен технологияларды колданып, әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру дағдыларын қалыптастыру»

Орындаған: М.Альжанова

Шымкент 2024 ж.

**«Инновациялық әдістер мен технологияларды қолданып,
әлеуметте ауызша қарым-қатынас жасау, диалог құру
дағдыларын қалыптастыру (өз тәжірибесімен бөлісу)»**

Бала – біздің болашағымыз. Олай болса, балабақшадағы тәрбиелеу мен оқыту баланың ғана емес, еліміздің де жарқын болашағының кепілі. Ол-үздіксіз білім берудің алғашқы деңгейі. Сондықтан, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың негізгі мақсаты-баланың жеке басының қалыптасуы мен дамуы болуы тиіс.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр. Ата-ана баласын балабақшаға әкелгенде үлкен ортаға үйренеді, бейімделеді, көзі ашылады деп үміттенеді. Ол -педагогтың басты мақсатының бірі. Баланың ойлау және шығармашылық қабілетін дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, оқу, жазу, сызуға ойын арқылы үйрету басты назарында болатыны анық. Осыған байланысты еліміздің сеніп тапсыратын мәртебелі азаматты қалыптастыратын отбасы және мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің қызметкерлері. Заман талабына сай білімді, мамандығының қыр-сырын игерген педагог-тәрбиешілерді даярлауда оқу-тәрбие ісін тәжірибемен үйлестіру, кәсіптік білім беруді жетілдіру, жаңа оқу жоспары, жаңа бағдарламаға сай курстар мен түрлі семинарлар өткізудің маңызы зор. Мұның өзі педагогтың жұмысына деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін шыңдауына, бала тәрбиесіне деген түсінігінің кеңеюіне бірден-бір себеп болып табылады.

Білім – теңіз, оның тереңіне құпиясын ашатындар ғана бойлай алмақ. Ондай адамдарды дайындайтын, білім, тәрбие беретін бала жанының бағбаны – тәрбиеші. Ал ұстаз білімді бала санасына сабақ арқылы жеткізеді. Ол – ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын жан-жақты өткізген сабақтары. «Білім беру – табиғат пен қоғам жайында

ғылымды жинақталған білім жүйесін жеке адамның меңгеруі және оны өмірде тиімді етіп қолдана білу» деп көрсетеді Ж. Қоянбаев. Тәрбиешінің бағыттауымен бала білімді меңгеріп қана қоймай, оны өмірде, іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білуі шарт.

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі.

Жас ұрпақты рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру – жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын
орталығы» жеке мекемесі

ЕРТЕҢГІЛІК

«Күн» кіші тобы

Қош келдің жаңа жыл!

Шымкент 2023 ж

Қош келдің жаңа жыл

Балалар музыка әуенімен кіріп жартылай шеңбер болып тұрады:

Жүргізуші: Жаңа жылың құтты болсын жас ұрпақ
Келген жылға қарамаңдар тосырқап
Жаңа жылың құтты болсын аталар
Сергек ұрпақ өздеріңнен нәр алар
Жаңа жылың құтты болсын аналар
Бүлдіршіндер өздеріңнен нәр алар

Жүзімізге қуаныш,

Әр көңілге жақсы үміт,

Келе жатқан жаңа жыл,

Әкелсін көп жақсылық!

Құрметті ата – аналар, қонақтар және әріптестер сіздерді жаңа жылдарыңызбен құттықтаймыз. Отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілейміз.

«Нұрай» бала – бақшасының менгерушісі. Э. Қуанышбекқызына сөз береміз.

Сәбилердің ертеңгілігін тамашалаңыздар:

Олай болса ортамызға аяз ата мен қарша қызды шақырайық

Балалар: Аяз ата, аяз ата, қаршақыз деп шақырады.

Аяз ата: Құтты болсын балалар

Келген жаңа жылдарың

Алаңдамай өсіңдер.

Еркелеп ұл қыздарым
Ойларың мен бойларың да
Бірдей өсіп қалдыңдар ма?
Ал мен кіммін айтыңдаршы
Мені таныдыңдар ма?

Балалар: Аяз – ата

Қаршақыз: Сәлеметсіңдер ме, балалар

Жаңа жылдарың құтты болсын!
Сүйіндірер маңайды
Ақшақармын арайлы
Жалт –жұлт еткен жүзімнен
Күміс сауле тарайды.
Ақшақармын аппақпын
Қалай тыныш жатпақпын
Менсіз қыстың сәні жоқ
Әнмін жырмын тақпақпын.

Жүргүзуші: Саламатсыз ба? Аяз ата! Сізді балалар ұзақ күтті. Сізге арнап ән дайындап, тақпақ жаттап, биде әзірледі. Өзіңізге арналған билерін тамашалаңыз.

ұлдар биі: Аяз – ата

Жүргүзуші: Аяз ата біздің шыршамыз жанбай тұр,

Аяз ата: Олай болса шыршамызды жағайық

Балалар: Қуант бізді таңырқат шыршамызды жарқырат.

Жүргүзуші: Аяз атамызға арналған тақпақ

Айкөркем

Тамаша тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Батырхан

Жаң жыл жаңа жыл

Жаңа жылға жаңа жыр

Жасыл шырша жаныда

Билеп барлық бала жүр

Ханшайым

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Жүргізуші:

Қане балалар шыршамызға арнап әнімізді айтайық:

Ән салайық қол соғайық

Жаңа жылды қарсы алайық

Топ топ топ басайық

Алақанды соғайық

Топ топ топ басайық

Маңайды шолайық!

Ал балалар біз тұрмайық
Би билейік, жыр жырлайық

Топ топ топ басайық

Алақанды соғайық

Топ топ топ басайық

Маңайды шолайық!

Қ/сы

Ән салайық қол сағайық

Жаңа жылды қарсы алайық

Топ топ топ басайық

Алақанды соғайық

Топ топ топ басайық

Маңайды шолайық!

Сайқымазақ: Салеметсіңдер ме балалар мен сайқымазақпын,

Сендермен жаңа жылды тойлауға келдім

Өзіммен бірге би ойын ала келдім. Олай болса бойымызды

Сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Ойын: қар жинау

Ақшақар мен қыздардың ұлпақар биі

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық

Қош келдің, Жаңа жыл

«Ботақан» ересек тобы

Жүргізген: Альжанова М.Ш.

Шымкент 2023 ж.

«Қош келдің, Жана жыл»

Жүргізуші: Барлық жандар бір білікке қосқан үн,
Бақытты боп бастады жыл дастанын.
Қуанышпен келді той деп жана жыл,
Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

Жүргізуші: Құрметті балалар, ата-аналар, ұстаздар, қонақтар. Жана жыл мерекесіне арналған «Қош келдің, Жана жыл» атты ертенгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Жана жылдық құттықтау сөзін меңгерушіміз Эльниса Қуанышбекқызына береміз.

Жүргізуші: Осындай тілектен сон біз енді ертегілер еліне саяхат жасап, жана жылымызды әрі қарай мерекелейік.

Сайқымазақ: Армысыздар, Халайық! Жақсы жайғастыңыздар ма, қымбатты достарым? Бәрі естіліп, көрініп тұр ма? Сендермен кездескенімізге өте қуаныштымыз. Біз бүгін жаңа жылдық мерекені тойлағалы отырмыз. Бүгінгі мерекемізді көңілді әуенмен шыршаны айналып өтуден бастайық.

Ән: «Жана жылды қарсы алайық»

Ән салайық қол соғайық,

Жаңа жылды қарсы алайық.

Топ топ топ басайық,

Алақанды соғайық,

Топ топ топ басайық,

Манайды шолайық!

Ал балалар біз тұрмайық,

Би билейік, жыр жырлайық.

Сайқымазақ: Біз мұнда жай отыру үшін емес, ән айтып, би билеуге келдік. Сондықтан көңіл көтерейік. Мен сендерге биші қыздарымызбен балаларымызды шақырамын.

Би: «Жаяу»

Манзура-Ахмет

А.Аяла-Айдар

Аяулым-Сұлтанхан

Гайни-Бекбол

Дария-Ерәлі

Жүргізуші: Бұрыннан болған екен Аяз ата,

Тосады екен балалар қысқы уақытта.

Ақшақарды қасына ерітіп алып,

Жер бетін шарлайды екен дамыл таппай.

Бәріміз қосылып бар даусымызбен Аяз ата мен Ақшақарды ортаға шақырайық.

Сайқымазақ: Қане бәріміз қол шапалақтап қарсы алайық! (Аяз ата Акшақарымен бірге кіріп келеді)

Аяз ата: Аяулы ата-аналар, ардақты ұл қыздарға,

Бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларын

Асулармен алысқан,

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге,

Шаршап келді алыстан. (балалармен амандасады)

Акшақар: Амансыздар ма, балалар, ұстаздар, ата-аналар. Өздеріңді сағынып келдік, жаңа жылдарыңыз құтты болсын, Өтіп кеткен Қоян жылына аман есен саулық тілеп, келер жылымыз Ұлу жылына табыс жыл, береке, бірлік әкелсін деп, тарих жыл болсын деймін.

Аяз ата қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен. Бәрі де сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық, Жаңа жыл тойын ашайық. Барлығымыз «Шырша жан» «Шамдарыңды жарқырат» деп айтайық. (Барлығы айкайлайды, шырша шамдары жағылады)

Аяз ата: Берекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналаға қуаныш сыйлауда. Шыршаның құрметіне ән айтып, шыршаны айналып өтейік.

Ән: «Шырша, шырша, шыршамыз»

Шырша тауда туыпты,

Шырша тауда өсіпті.

Енді бізге қонаққа,

Жасыл болып келіпті.

Шырша, шырша, шыршамыз,

Әнге қосылшы.

Шырша, шырша, шыршамыз,

Биге қосылшы.

Ойыншықтар тізілген.

Шырша бізге қарап тұр.

Қандай жақсы керемет,

Мерекеміз-Жаңа жыл.

Би: «Сайқымазақтар»

Мұстафахян

Альфараби

Хантөре

Бейбарыс

Нұрдаулет

Райымбек

Т.Айсұлтан

(биден кейін ескі жыл шығады)

Қоян жылы: Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан,

Тілегім болсын мәңгі ашық аспан.

2024 жыл қадам басқан

Гүлденіп көркейе бер Қазақстаным.

Келесі жыл бастауын ұлуға беремін. (сахнаға ұлу шығады)

Ұлу: Сәлеметсіздер ме, кешіккен жоқпын ба, мен сондай асықтым, сондай жүгірдім, кешігем деп қатты қорықтым, уақытында жеттім бе?

Мен тағы бір қонақпын,

Он екі жылда оралар.

Үлкендерге ақ ниет,

Сіздерге де ақ ниет

Сіздерге де мың рахмет.

Барлығы: Қош бол қоян, қош бол.

Ақшақар: Қош келдің жана жыл.

Аяз ата: Ал айналайын жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін. Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат. Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойнында. Жаксы жыл бол, жана жыл.

Аяз ата: Бәрежелді жана жылым. Төрімізге шық.

Бірімізге жана бақыт, жана қуаныш ала кел.

Ұлу: Құрметтеріңізге рахмет. Шын көңілмен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Байқаймын барлықтарыңыз да мерекеге жақсы дайындалыпсыздар.

Ақшақар: Иә, барша балалар жаңа жылды қарсы алуға келіп тұр. Ал, менің кішкене ұлпа қарларым келе ғойындар.

Би: «Ұлпа қарлар»

Айназ Көркем

Манзура Асылым

Дамелия

Аяз ата: Ал, балалар менімен ойын ойнағыларың келе ме? (иә, деп балалар шулайды)

Ойын:

Шарты:

Би: «Шокаладные зверушки»

Хансұттан-Асылым Ердаулет-Манзура М.Айсұлтан-Айназ Нұрасыл-Көркем

Белес-Дамелия Марғұлан-Аяулым Нұрислам-Ғайни

Жүргізуші: Қане балалар Аяз атамызды ортаға алып өзіміздің дайындаған тақпақтарымызды айтайық.

Ақшақар: Қанекей балалар аяз атаға арнап таклақ, өлең шумақтарымыз болса айтамыз. (аяз ата балалардың өлең шумақтарын тыңдап сыйлықтарын береді)

Ахмет: Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Манзура: Қалып едік сағынып,
Күтіп алдық жабылып..
Жолын қойдық жарық қып,
Шыршаларға шам іліп.

Айдар: Ауыл маны қар аппақ,
Қызықтар көп не түрлі.
Ақ дәптерді парактап,
Қыс отырған секілді.

А.Аяла: Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса..
Басында өсем жұлдызы,
Көз тоймайды қараса.

Сұлтанхан: Аппақ тонға оранып,
Базарлықты мол алып..
Келді атыс сапардан,
Аяз ата оралып.

Аяулым: Аяз ата ойды қырды,
Аралап жүр түгел шолып..
Қарсы алғалы Жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.

Бекбол: Тілеймін мен бар әлемге,
Дос көп болсын жаңа-жыл..
Ата-әже, әке-шеше,
Құтты болсын Жаңа жыл.

Гайни: Жаңа жылда, балалар,
Тек қуаныш көріндер..
Ауырмандар ешқашан,
Мықты болу өзіннен.

Ерәлі: Жылдың өнін бастайын,
Аяз-Ата кеп қалды..
Майысады жас қайың,
Көтере алмай көп қарды.

Дария: Жаңа жылда бақшамыз,
Гүлдей болып жайнасын.
Аман болсын барлық бала,
Шат-шадыман ойнасын.

Мұстафахан: Далада қар борайды,
Ақ мамыкка орайды.
Мұз болады, катады,
Жыл-жылтыр боп жатады.

Айназ: Жаңа жыл келгенде,
Қуанып қарсы аламыз.
Аяз ата келгенде,
Билейміз, ән саламыз.

Альфараби: Орандын өлкеме,
Жаңа жыл армысың.
Оранды ақ көрпеге,
Асқартау, қарлы шын.

Көркем: Жаңа жылды қарсы алдын,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Хантөре: Жаңа жылым мол болсын,
Басқан қадам оң болсын.
Төрле, Төрле Жаңа жыл,
Бізге Құтты жыл болсын.

Бейбарыс: Өктем тандап әкелді,
Ең үлгілдек шыршаны,
Иісі аңқыған шыршаны,
Жарқыраған шыршаны...

Дамелия: Ақ қар жапты даланы,
Ақ жамылды айнала,
Жарқыратып шамдарын,
Шырша келді ортаға.

Нұрдаулет: Айналамда ұшып жүр,
Ақ мамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек.

Асылым: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп сағынған.

Райымбек: Ақ қырауға малынған,
Сөкалы да мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Айшуақ: Тауда туып,
Тауда өсіп,
Шырша келді ортаға,
Қандай жақсы шыршамыз,
Өн шырқайық баршамыз.

Т.Айсұлтан: Өн айтамыз, би билейміз,
Біз көңілді баламыз.
Шаршауды біз білмейміз,
Таппақ айтып, би билеп.

Хансұлтан: Ақша қар, ақша қар,
Аппақ болып қонасың.
Тоса қалсем қолымды,
Алақаныма толасың.

Ердәулет: Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.

М.Айсұлтан: Жаңа жыл, Жаңа жыл,
Жаңа жылға жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Билеп барлық бала жүр.

Нұрислам: Қайда қызық болса думан,
Аяз ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

Белес: Тоғай да, баулар да,
Ақ күміс жамылды.
Дала да, таулар да,
Өзінді сағынды.

Марғұлан: Әдемілеп біз ілген,
Ойыншықтар тізілген.
Қандай әсем шыршамыз,
Ән шырқайық баршамыз.

Нұрасыл: Жаңа жыл, Жаңа жыл,
Жаңа жылға жана жыр.

Ойын: Ата –аналармен «Стакан тасу шармен»

Шарты: Жәніл стакандардың ішіне шарды үріп келесі стол үстіне тасу.

Жүргізуші: Рахмет ата-аналар енді біздің балалардың әнін қабыл алыңыздар

Ән: «Жаңа жыл»

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда, жана жыр.
Жасыл шырша жанында,
Жадырап бар бала жүр.
Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Кез тоймайды қараса.

Көрікті, бөрікті.

Аяз ата келіпті.

Беріп жатыр таратып.

Алма, анар, өрікті.

Қала нұр, дала нұр,
Құтты болсын жаңа жыл.
Шырша жаны көңілді,
Билеп барлық бала жүр.

Аяз ата: жарайсындар балалар. Өнерлерің өте керемет болды енді
сыйлықтағынды берейін.(сыйлық тарату)

Аяз ата: Жаңа жылдарыңызбен достар, шаңамызға мінейік, Ақшақарым,
алда барар ауыл көп, жыл қуантсын баршаны.

Ақшақар: Жаңа жылыда сіздердің барлықтарыңызға жақсылық тілеймін.

Барлығы: Қош бол, Аяз ата, Ақшақар

Сайқымазақ: Міне, қымбатты балалар, бірлесіп, достасып өткізген мереке
қашанда қуанышты өтеді, достық, бірлік бәріне де жөнелді.

Аспанымызды бұлт торламасын. Көктегі күніміз сөнбесін.

Барлық Жандар бір тілекке қосқан үн,
Бақыт боп бастады жыл дастанын.
Қуанышпен келді той боп жаңа жыл.
Құтты болсын жаңа бақыт достарым.

Жүргізуші: Жаңа жылдарыңыз тағы да құтты болсын.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын
орталығы» жеке мекемесі

ЕРТЕҢГІЛІК

«Қарлығаш» мектепалды даярлық тобы

«Қош келдің жаңа жыл!»

Шымкент қ 2023

Қош келдің жаңа жыл!

2023ж

Жүргізуші: Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар! Қош келдіңіздер, балалар! Мерекемізді бастамас бұрын балабақша меңгерушісі Эльниса Қуанышбекқызы сөз кезегін береміз.

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,
Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.
Бақыт, шаттық, молшылық пен тыныштық,
Бәрімізге әкелсін мына арай жыл-деп бүгінгі мерекемізді
бастаймыз.

Кенет залда жарық сөніп қалады да, залға сиқыршы кіреді.

Сиқыршы: Мына жерде жарық жоқ па, қане сиқырлы таяқшаммен жарықты қосайын Алақай-махалай суф! Ой-ой-ой көзім шағылысып кетті ғой, Неткен әдемі шырша, Уау... Қандай керемет балалар тіпті бәрің мерекеге дайындалып келгендейсіңдер, сәнді киім киіп шаштарыңды әдемілеп.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе Сиқыршы! Әрине дайындалып келдік біз жаңа жыл мерекесін тойлағалы отырмыз. Ал өзіңіз не істеп жүрсіз, бізге қалай тап болдыңыз?

